

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 161 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 мамырда № 8296 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 16, 69-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, "МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінішінің және облыстық жер комиссиясының 2020 жылғы 22 қазандағы № 8-2 хаттамасының негізінде Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Ақтөбе облысының Темір, Мұғалжар, Байғанин аудандарында жалпы көлемі 17,4906 гектар жер учаскелеріне "Кеңқияқ-Атырау" магистральды мұнай құбырын пайдалану үшін 49 жыл мерзімге меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Темір, Мұғалжар, Байғанин аудандарының әкімдеріне осы қаулыны мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Уразалин

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17
мамырдағы № 161 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелері

№	Жер учаскелерінің санаты	Меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы көлемі, гектар	Ұзындығы, метр
Темір ауданы				
1.	Елді мекен жері	Кеңқияқ ауылдық округі Кеңқияқ ауылының жерлері	0,6561	6561

2.	Елді мекен жері	Саркөл ауылдық округі Шұбарши ауылының жерлері	0,6935	6935
Темір ауданы бойынша жиыны:			1,3496	13496
Мұғалжар ауданы				
3.	Босалқы жерлер	Босалқы жерлер	1,3162	13162
4.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Арман-Ш" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-027-031-044	0,4178	4178
Мұғалжар ауданы бойынша жиыны:			1,7340	17340
Байғанин ауданы				
5.	Босалқы жерлер	Босалқы жерлер	7,9822	79822
6.	Елді мекен жерлері	Қопа ауылдық округі Ебейті ауылының жерлері	0,3008	3008
7.	Елді мекен жерлері	Сарытоғай ауылдық округі Алтай батыр ауылының жерлері	1,1369	11369
8.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Азамат А. Н. Кадыркуловтың жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-002-247	0,7282	7282
9.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Кемерши" өндірістік кооперативінің жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-002-052	0,3402	3402
10.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Қайырбай" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-002-201	0,5890	5890
11.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Токтар" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-020-190	0,6019	6019
12.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Адам" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-020-268	0,2845	2845
13.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Азамат М. Т. Жағастың жерлері кадастрлық н ө м і р і : 02-023-020-242	0,5676	5676
14.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Ебейті" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-006-299	0,3458	3458
15.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Санат" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-006-030	0,2638	2638
16.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	"Нурсұлтан" шаруа қожалығының жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-006-288	0,8103	8103
17.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Азамат К. Т. Тукешовтің жерлері кадастрлық нөмірі: 02-023-006-339	0,4558	4558
Байғанин ауданы бойынша жиыны:			14,4070	144070
Барлығы:			17,4906	174906

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК